

№37 (20 902)
18 қыркүйек,
2025 жыл, бейсенбі



Атырау

Облыстық қоғамдық-саяси газет

@ Atyrau.gazeti
atyrau_gazeti@mail.ru
f Атырау газеті
www.atr.kz
«Атырау» газеті
atyrau_gazeti
Atyrau_news
Атырау жаңалықтары

* Өңір экологиясы

Тартылған теңіз, тарылған тыныс – Өңірдегі ахуалға айғақ

АТЫРАУ – ТҰМСА ТАБИҒАТ ПЕН АУЫР ӨНДІРІСТІҢ ТОҒЫСҚАН ТҰСЫ. МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ ЕЛ ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ ЛОКОМОТИВІ САНАЛҒАНЫМЕН, ТАБИҒАТЫ МЕН ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АХУАЛЫ КҮН ӨТКЕН САЙЫН КҮРДЕЛІ МӘСЕЛЕЛЕРМЕН БЕТПЕ-БЕТ КЕЛІП ОТЫР. КАСПИЙ ТЕҢІЗІ СУЫНЫҢ ТАРТЫЛУЫ, АУА МЕН СУ РЕСУРСТАРЫНЫҢ ЛАСТАНУЫ, БҰРЫНҒЫ ӨСКЕРІ ПОЛИГОНДАРДЫҢ САЛДАРЫ – МҰНЫҢ БӘРІ ТҰРҒЫНДАРДЫҢ САУЛЫҒЫНА, ТІРШІЛІК САПАСЫНА ТІКЕЛЕЙ ӨСЕР ЕТІП КЕЛЕДІ. ҚОРШАҒАН ОРТА МЕН АДАМ ӨМІРІ АРАСЫНДАҒЫ НӘЗІК ТЕПЕ-ТЕҢДІК СЫН САҒАТЫНДА ТҰРҒАНДАЙ. БҮГІНДЕ АТЫРАУ ЭКОЛОГИЯСЫ – АЙМАҚТЫҚ МӘСЕЛЕ ЕМЕС, ҰЛТТЫҚ ДЕҢГЕЙДЕГІ ӨЗЕКТІ ТАҚЫРЫПҚА АЙНАЛДЫ. ЕНДІ МАҢЫЗДЫ ПРОБЛЕМАҒА ӨЛЕМДІК ДЕҢГЕЙДЕ НАЗАР АУДАРЫЛА БАСТАДЫ. ЖАҚЫНДА ӨҢІРГЕ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ҰЙЫМЫ ЕУРОПАЛЫҚ АЙМАҚТЫҢ КЕҢЕСЕСІНІҢ ДЕЛЕГАЦИЯСЫ АРНАЙЫ КЕЛДІ.

(Соңы 9-бетте)



Қолжазбы жасаған Сая РАМАЗАНОВА

* Қоғамдық кеңес

Жарық бағасы жанға батты

ҚАЗІР ӨМІРДІ ЖАРЫҚСЫЗ ЕЛЕСТЕТУ ҚИЫН. ҚАРАПАЙЫМ ТҰРМЫСТЫҚ ТЕХНИКАДАН БАСТАП, КҮНДЕЛІКТІ ҚОЛДАНЫП ЖҮРГЕН ЭЛЕКТРОНДЫ ЖҮЙЕНІҢ БӘРІ ЭЛЕКТР ҚҰАТЫМЕН ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ. ЖАҚЫНДА ӨҢІРДЕ ЖАРЫҚ БАҒАСЫН ӨСІРУ ТУРАЛЫ ӨҢІМЕ ҚОЗҒАЛҒАННАН БЕРІ ЖҰРТШЫЛЫҚ АРАСЫНДА АЛЫПҚАШПА ӨҢІМЕ ЖЕЛДЕЙ ЕСТІ. БҰҚАРАНЫҢ ТАРИФТІҢ ҚЫМБАТТАУЫНА ҚАРСЫЛЫҒЫ БАСЫМ. ОСЫНАУ МАҢЫЗДЫ ПРОБЛЕМА ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСТІҢ КЕЗЕКТІ МӘЖІЛІСІНДЕ ТАЛҚЫЛАНДЫ.

(Толығырақ 17-бетте)



* Таза Қазақстан

Айыппұл қоқысты азайта ала ма?

ОБЛЫС КӨЛЕМІНДЕ ҚАТТЫ ТҰРМЫСТЫҚ ҚАЛДЫҚТАРЫНЫҢ 79 ПОЛИГОНЫ БАР ЕКЕН. ОНЫҢ ТЕК 8-І ҒАНА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ РҰҚСАТ ҚҰЖАТТАРЫН АЛҒАН, ҚАЛҒАН 71 ПОЛИГОН ЗАҢСЫЗ ЖҰМЫС ІСТЕП ТҰР. БЫЛТЫР ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТАЛАПТАРДЫ БҰЗҒАНЫ ҮШІН САЛЫНҒАН АЙЫППҰЛ КӨЛЕМІ 1,4 МИЛЛИОН ТЕҢГЕ БОЛСА, БИЫЛ ҚАЗІРДІҢ ӨЗІНДЕ БҰЛ КӨРСЕТКІШ 1,1 МИЛЛИОН ТЕҢГЕГЕ ЖЕТКЕН. СӨЙКЕСІНШЕ ЖАҒДАЙ ДА ЖАҚСАРМАҒАН. ҚОҚЫС ОРЫНДАРЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ НОРМАҒА САЙ ЕМЕС, АЛ ЖАБДЫҚТАР МЕН МАТЕРИАЛДЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ БАЗАНЫҢ ЖЕТІСПЕУІ МӘСЕЛЕНІ ОДАН ӨРІ ҮШЫҚТЫРА ТҮСҮДЕ.

(Соңы 8-бетте)

* Марафон

Сарайшықтан – Үйшікке дейін

АТЫРАУДА СЕНБІ КҮНІ БҰҚАРАЛЫҚ СПОРТ ПЕН ІШКІ ТУРИЗМДІ ДАМУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ІРІ СПОРТТЫҚ ШАРА – «TOUR DE SARAISHYQ 2025» БЕЛОШЕРҮІ ӨТТІ. ОБЛЫСТЫҚ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ, СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН ӨТКЕН АУҚЫМДЫ ШАРАҒА 120-ДАН АСТАМ ӘУЕСҚОЙ СПОРТШЫ ҚАТЫСТЫ. ОЛАРДЫҢ АРАСЫНДА АСТАНА, АЛМАТЫ, АҚТӨБЕ, АҚТАУ ҚАЛАЛАРЫНАН АРНАЙЫ КЕЛГЕН БЕЛОШАБАНДОЗДАРДАН БАСҚА ТАШКЕНТТЕН АРНАЙЫ КЕЛГЕНДЕР ДЕ БОЛДЫ. АТЫРАУ ОБЛЫСЫНДА ЖҰМЫС ІСТЕЙТІН 10-ҒА ЖҮЫҚ ШЕТЕЛДІК АЗАМАТ ТА САЙЫСҚА ҚАТЫСЫП, ШАРАНЫҢ ДЕҢГЕЙІН БИІКТЕТТІ.



Велосперу Махамбет ауданындағы тарихы терең «Орта ғасырлық Сарайшық» кешенінен басталып, «Атырау-Орал» трассасы арқылы жалғасты. Олар облыс орталығының Құрманғазы көшесіндегі «Infinity Mall» сауда орталығының алдында мәреге жетті.

Қатысушылардың ішінде қала тұрғыны, «Тенішсеройл» компаниясының инженері Еркін Қабдығалиев те болды. Үш жылдан бері велоспортпен айналысатын ол мұндай шаралар тұрғындардың саулығы мен белсенді өмір салтын қалыптастыруына зор ықпал ететінін айтты.

– Бастапқыда өзгелер сияқты велосипедті далада теуіп жүрдім. Қазір мен қатысып жүрген Атыраудағы велошабандоздар тобында шетел азаматтары да бар. Шеру өте жоғары

деңгейде ұйымдастырылды. Қалаға кірген соң бағыттан аздап шатасқанымыз болмаса, бәрі керемет өтті. Жоғары деңгейдегі ұйымдастыру ісіне көңілім толды. Бұл шара үздіксіз жалғасып, жастарға да, қала тұрғындарына да үлгі бола берсін деп тілеймін. Велоспорт – тек спорт емес, мәдениет пен салауатты өмір салтының белгісі, – деді тәжірибелі велошабандоз.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, велосперу аймақтағы спортты дамытып, туризм әлеуетін көтеруге және жастарды салауатты өмірге шақыруға бағытталды. Қатысушылардың көтеріңкі көңіл-күйі мен жоғары ұйымдастыру деңгейі мұндай шаралардың дәстүрлі түрде жалғасын табуына негіз болмақ.

Алмас ҚАБДОЛ